

covers all aspects of farmers' activities. This is not only a major production issues, provides an opportunity to actively participate in international trade, as well as the target for the development of rural territories. The European Union over agricultural development can be seen in the following aspects:

- an extremely high level of specialization ;
- farms for the financial support by the state, and they are based on voluntary regulation of the development and application of effective mechanisms;
- full cooperation relations in agriculture;
- organizational, legal and financial framework for the creation of high agro industrial integration , and other factors .

Based on the experience of the European Union, we can say that today, for the development of agriculture, primarily by increasing the level of regional specialization, in depth analysis of the market for agricultural products, for which marketing programs, as well as to regulate the activities of the agricultural enterprises and financial support in accordance with the specific purpose of the establishment of the state organization.

We suppose that there is the implementation of the above in the future, as well as the development of agriculture in developing countries, and they will serve to accelerate the process of international integration.

#### Referens

1. Christopher Howarth, Anna Kullmann, Pawel Swidlicki: MORE FOR LESS: Making the EU's farm policy work for growth and the environment. Copyright © 2012 Open Europe- [www.openeurope.org.uk](http://www.openeurope.org.uk)
2. EU Commission, DG for Agriculture and Rural Development, 'How much the CAP costs' [http://ec.europa.eu/agriculture/capexplained/cost/index\\_en.htm](http://ec.europa.eu/agriculture/capexplained/cost/index_en.htm)
3. European Union Directorate-General for Agriculture in the European Union satatistical and economic information. Report 2013.
4. Council Regulation (EC) No 73/2009 - [www. http://eur-lex.europa.eu/](http://eur-lex.europa.eu/)
5. Source: European Commission, Eurostat (Economic Accounts for Agriculture)
6. Christopher Howarth, Anna Kullmann, Pawel Swidlicki: MORE FOR LESS: Making the EU's farm policy work for growth and the environment. Copyright © 2012 Open Europe- [www.openeurope.org.uk](http://www.openeurope.org.uk)
7. EU Commission, DG for Agriculture and Rural Development, 'How much the CAP costs' [http://ec.europa.eu/agriculture/capexplained/cost/index\\_en.htm](http://ec.europa.eu/agriculture/capexplained/cost/index_en.htm)
8. Christopher Howarth, Anna Kullmann, Pawel Swidlicki: MORE FOR LESS: Making the EU's farm policy work for growth and the environment. Copyright © 2012 Open Europe- [www.openeurope.org.uk](http://www.openeurope.org.uk)
9. Council Regulation (EC) No 73/2009 - [www. http://eur-lex.europa.eu](http://eur-lex.europa.eu)

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКТІЛЕР

Рустембекова Д.К., PhD докторы;  
Абдраимова Д.С., заң ғылымдарының магистрі  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада ұлттық азшылықтың құқықтық жағдайын реттейтін халықаралық актілер қарастырылады. Оларды талдау нәтижесінде ұлттық азшылықтардың ортақтықтарының әлемдік тәжірибесі мен БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы декларациясының мазмұны және басқа да азшылық құқықтарына қатысы бар халықаралық стандарттарға сүйене отырып, келесі басты да, негізгі мәселелері анықталды: тірі қалу мен өмір сүру, азшылықтардың өзіндік болмыстарын дамыту мен қорғау, теңдік пен кемсітпеу мен қоғам өміріне тиімді және әрекетті, яғни ықпалды қатысу.

Ұлттық азшылықтың құқықтық жағдайын реттейтін халықаралық актілер Елдің басым бөлігіне қатысы болмайтын, оған жатпайтын топтардың өзінің мәдени, діни немесе этникалық ерекшеліктерін сақтап қалуға деген ұмтылушылығы он сегізінші, он тоғызыншы жүз жылдықтарда ұлттық мемлекеттердің пайда болуымен қатар жүрді. Халықаралық құқықта азшылық құқықтарының танылуы мен қорғалуы бастамасы бірнеше «азшылық құқықтары бойынша трактаттарды» қабылдаған Ұлттар Лигасымен басталған болатын. 1945 жылы Ұлттар Лигасының орнына Біріккен Ұлттар Ұйымы келгеннен кейін, бұл ұйым да бірте-бірте азшылықтарға байланысты бірқатар нормаларды, шаралар мен механизмдерді жасап шығарды.

Жекелеп алғанда, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті [1] мен 1992 жылғы Ұлттық азшылықтарға немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын

адамдардың құқықтары туралы декларацияда [2] (бұдан былай, «БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы декларациясы») азшылықтарға жататын адамдардың құқықтары танылып, қорғалады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде азшылық құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғаудың және тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың арасындағы байланыс, жекелеп алғанда, БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы декларациясының кіріспе сөз басында, яғни преамбуласында аталып кетеді.

БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы Декларациясы азшылықтарға жататын тұлғаларға келесі мүмкіндіктерді береді:

- мемлекет тарапынан азшылықтар мен олардың ұлттық немесе этникалық, мәдени, діни және тілдік өзіндік болмыстарының қорғалуына құқылы болуы;
- өздерінің мәдениетінің мұрасын қолдану, өздерінің діндерін насихаттау, жеке өмірлері мен қоғамдық өмірде өз тілдерін қолдану құқығына;
- мәдени, діни, қоғамдық, экономикалық және мемлекеттік өмірге белсенді түрде қатысу құқығына;
- өздеріне қатысы бар мәселелерді ұлттық және жергілікті деңгейлерде шешуде белсенді түрде қатысу құқығына;
- өздерінің ассоциацияларын құру мен олардың қызмет етуін қамтамасыз ету құқығына;
- өздерінің топтарының басқа мүшелерімен және басқа азшылықтарға жататын тұлғалармен өз елінің территориясында да, мемлекет шекарасынан тыс жерлерде де бейбіт қарым-қатынастар орнатып, сол қарым-қатынастарды сақтау құқығына;
- жеке-дара түрде де, өз тобының басқа мүшелерімен бірлескен түрде де, өздерінің құқықтарын ешбір дискриминациясыз жүзеге асыру бостандығы құқығына.

Дүниежүзінде азшылықтар қарулы қақтығыстар мен өзара күрестің құрбандарына жиі айналып жатады. Ерекше алаңдатушылықты босқындардың жағдайы және азшылықтарға жататын тұлғалардың, оның ішінде, бірінші кезекте, әйелдер мен балалардың ішкі орын ауыстырушылығы тудырады. Ұлттық азшылықтарға немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын адамдар көптеген кемсітушілік түрлерінің құрбандарына да жиі айналады, соның салдарынан олар өздеріне тиесілі тұрғын үйден, жерден, жеке меншік мүліктен, тіпті азаматтықтан да айырылып қалып жатады [3].

Халықаралық құқық бойынша қандай топтар азшылықтарға жатады? 1992 жылы консенсуспен қабылданған БҰҰ-ның Азшылықтардың құқықтары туралы декларациясының [2] 1-бабына сәйкес, азшылықтар ерекше болмысқа ие ұлттық немесе этникалық, мәдени, діни және тілдік топтар ретінде қарастырылады және мемлекеттер олардың тіршілік етуін қорғауға міндетті болып табылады. Қандай топтардың азшылықтарға жататыны туралы халықаралық деңгейде келісілген анықтама әлі де жоқ. Көп жағдайларда, азшылықтардың бар болуы ақиқат болып табылып, кез келген анықтама өзіне объективті факторларды (мысалы этникалық, тілдік, немесе діни ортақтықтың бар болуы сияқты) және субъективті факторларды (соның ішінде, жеке тұлғалардың өздерін азшылық мүшелері ретінде белгілеуі) қамтуы керек.

Кең көлемде қолданылатын анықтаманы табуда келісімге келу қиындығы азшылықтар өмір сүретін жағдайлардың көптүрлілігінде жатыр. Олардың кейбірі нақты анықталған аудандарда шағын түрде тұрғылықты халықтың басым бөлігінен бөлек өмір сүреді. Ал басқалары елдің барлық территориясында шашыраңқы өмір сүріп жатыр. Кейбір азшылықтар өздерінің ұжымдық бірегейлігі мен жазбаша тарихын түбегейлі сезінеді; басқалары өздерінің жалпы ортақ шығу тектерін тек үзінді түрінде елестетеді.

БҰҰ-ның жүйесінде қолданылатын «азшылық» терминінің астарында, БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы декларациясына сәйкес, ұлттық азшылықтар немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтар түсініледі. Барлық мемлекеттерде олардың өздерінің ұлттық территориясында бір немесе бірнеше азшылық топтары өмір сүреді, олар үшін халықтың көпшілігінің өзіндік бірегейлігінен ерекшеленетін өзіндік ұлттық, этникалық, тілдік немесе діни бірегейлігі тән.

Мүгедектер, кейбір саяси топтарға жататын тұлғалар немесе белгілі бір жыныстық бағыттағы тұлғалар (лесбиянкалар, гомосексуалистер, бисексуалдар, трансгендерлер немесе интерсексуалды тұлғалар) жататын тұлғалар азшылықтар болып табылады ма деген сұрақ туындайды. БҰҰ-ның азшылық құқықтары туралы декларациясы ұлттық, этникалық, діни және тілдік азшылықтарға арналғанымен, ол көптеген кемсітушілік түрлерімен күресіп, ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын тұлғалардың басқа белгілері бойынша, мысалы, жынысы, мүгедектігі немесе сексуалды бағыты сияқты белгілеріне байланысты кемсітушілікке ұшырайтын жағдайларды жою қажет. Көптеген елдерде азшылықтар қоғамдағы ең көп деңгейдегі маргиналдық топтар

қатарына жатады және АИВ/ЖИТБ сияқты пандемикалық аурулармен қиналып, көп жағдайларда олардың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізулері шектеулі болады.

Азшылықтарға жататын тұлғаларды қорғау бойынша кез келген шаралар бірінші кезекте, тұлғалардың физикалық тіршілігін қорғауға, оның ішінде геноцид пен адамзатқа қарсы қылмыстардан қорғауға бағытталуы тиіс. 2001 жылғы Дурбан декларациясында [4] «азшылықтардың этникалық, мәдени, тілдік және діни өзіндік болмыстары, ол бар болған жерлерде, қорғалуы тиіс және осындай азшылықтарға жататын тұлғалар бірдей жағдайда ешбір кемсітушіліксіз өздерінің адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын толық пайдаланулары қажет» деп аталып көрсетілген.

Азшылық құқықтары - адам құқықтары. Азшылық құқықтары - ол қандай да бір басымдық берушілік емес; олар қолжетімді; азшылықтар өздерінің өзіндік ерекшеліктерін, өзіндік сипаттамалары мен салт-дәстүрлерін сақтап, дамыта алған кезеңге дейін оның қолжетімділік деңгейі сақталады. Тек сонда ғана толыққанды және тиімді теңдік жайында сөз қозғауға болады. Осылайша, білім беру, мәдениет, дін, сонымен қатар саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларда азшылықтардың тиімді теңдігінің халықтың басқа бөлігімен бір деңгейде болуына қажетті жағдайлар туғызатын шаралар кешені бекітілуі қажет. Толық және тиімді теңдікті көтермелеу шаралары кемсіту болып қарастырылмайды [5].

Азшылық құқықтары мәселесінде басты назар олардың өзіндік болмыстарын қорғау мен қолдап, көтермелеуге бөлінуі тиіс. Азшылықтардың өзіндік болмыстарын қолдау мен қорғау мәжбүрлі түрде ассимиляциялану мен әлемнің бай әртүрлілігі мен жалпы құндылықтар мұрасының іргетасы болып табылатын мәдениеті, діни сенімдері мен тілдерінің жоғалуына жол бермейді. Мәжбүрлі ассимиляциялануға жол бермеу өзіндік болмыс бірегейлігінің әртүрлілігі мен плюрализмге немесе пікір алуандығына деген төзімді қатынасты ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар, оларға деген қорғау мен құрметті талап етеді. Азшылық құқықтары мәселесінің мәні осындай топтарға жататын тұлғалар мен топтарға деген қарым-қатынастың астарында кемсітушілік тәжірибе мен кемсітушілік саясаттың астарлы түрде жасырын жатуына жол бермеу мен олардың өзіндік болмыстарының бірегейлігін құрметтеуді қамтамасыз етуге келіп саяды. Сондықтан, мәдени, діни және тілдік әртүрлілікті құрметтеу үшін позитивті шараларды қабылдап, азшылықтар осындай әртүрліліктің арқасында қоғамды байытатынын мойындау керек.

Құқық кемсітушілікке ұшырамайды, ол бүкіл әлемде азшылықтарға жататын тұлғалардың құқықтарын қорғауда бірінші кезекті мағынаға ие. Әлемнің қай бөлігінде болмасын, азшылықтар өздерінің күнделікті өмірлерінде өздеріне деген тікелей және жанама кемсітуді, іс жүзіндегі де (де-факто), заң жүзіндегі де (де-юре) дискриминация түрлерін сезінеді.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның жүзеге асуы қоғамдағы интеграцияға жол ашатынына қарамастан, бұл жағдайда интеграция мәжбүрлеп ассимиляциялау деп түсініліп, басым болатын мәдениеттегі мәжбүрлеп ассимиляциялануға әкеліп соқпауына басты назар аударылуы қажет [6]. Азшылықтарға жататын тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыру тәжірибесі қазіргі таңдағы орын алып отырған теңсіздікті түсініп қана қоймай, оны түзеу қажеттілігі бар екенін және өзгешеліктер мен көптірлілікке құрметпен қарау қажеттілігін көрнекті түрде көрсетеді. Азшылықтар тіршілігі мен өзіндік болмыстарын қорғау жөніндегі және осындай өзіндік болмысты қолдап, көтермелеуге ықпал жасайтын жағдайларға байланысты арнайы шараларды, олардың ішінде, азшылық тілдерінде құрылған шараларды, уақытша айрықша шаралардан айыра білу қажет. Азшылықтарды қорғау бойынша айрықша шаралар үздіксіз, тұрақты сипатта болуы мүмкін. Мемлекеттің азшылықтардың қоғамдық өмірге тиімді интеграциясын қамтамасыз етуде сәйкес мекемелерді құруға апаратын арнайы шараларды бекіту жолымен және азшылықтардың шешімдер қабылдауында, заңнамалық, әкімшілік құзыреттіліктерді жүзеге асыруында, өз мәдениетін дамытуында толыққанды және шектеусіз қатысуы қақтығыстардың алдын алудың бірден-бір дұрыс тәсілі болып табылады. Осыған байланысты, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет жалпы тәртіптегі № 21 (2009) [7] әр адамның мәдени өмірге қатысуы құқығы туралы ескертуді қабылдады, ал бұл ескерту өз кезегінде, қатысушы-мемлекеттердің мойнына сол мемлекеттердің өздерінің өзіндік болмыстарының маңызды компоненті ретінде азшылықтар мәдениетін мойындау, құрметтеу және қорғау міндеті мен жауапкершілігін артады.

Азшылықтардың қорғалуын жақсарту үшін кемсітпеу принципіне сәйкес, азшылықтарға позитивті әрекеттер есебінен әлеуметтік қызметтер, мемлекеттік және жеке меншік секторлардағы жұмыспен қамтуға тең дәрежедегі қолжетімділік қамтамасыз етілуі тиіс. Көптеген жағдайларда, адам құқығының бұзылуының түбегейлі себептері топтардың өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын жүзеге асыруында орын алатын теңсіздікте жатады. Сондықтан, Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенциясы мен Экономикалық,

әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерінің өмірде жүзеге асуына басты назар аудару қажет. Мыңжылдықты дамыту мақсаттарының (МДМ) жүзеге асуына бағытталған әрекеттер мен кедейшілік масштабтарын қысқарту бағдарламаларын жасап шығаруда, бағалауда және жүзеге асыруда азшылықтарға жататын тұлғалардың жағдайларына қажетті назар аудару ерекше маңызға ие. Бұнымен қатар, азшылықтарға әлеуметтік-экономикалық дамуға байланысты жобаларды жасап шығаруда тиімді түрде қатысып, оған деген өздерінің пікірлерін білдіруге, осы жобалардың азшылықтарға жататын тұлғаларға қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік беретін шараларды қабылдау қажет.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет Пактіде [8] бекітілген Экономикалық, әлеуметтік және мәдени әр құқықты пайдалануда кемсітпеуге кепілдеме беретін мемлекеттің міндетіне қатысты жалпы тәртіптегі №20 (2009) ескертуді [9] қабылдады. Онда кемсітудің түрлі көріністері талқыланады. Онда формалды немесе ресми кемсітушілік пен іс жүзіндегі кемсітушілік, қоғамдық және жекелеген салалардағы сараланған қарым-қатынас пен кемсітушіліктің тікелей және жанама нысандары Пактінің 2-бабының 2-тармағының бұзылуына әкеліп соғатыны туралы да сөз қозғалады. Мысал ретінде баланың мектепке алынуы үшін оның туу туралы куәлігін ұсыну талабы осындай куәліктері жоқ немесе оны алуға тыйым салынған этникалық азшылық өкілдері мен мемлекет азаматтары болып табылмайтын тұлғаларға қатысты кемсіту болып табылады.

Азшылықтарға жататын тұлғалардың өздері өмір сүріп жатқан мемлекеттің істері мен елдің барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларында қатысуы, олардың өзіндік болмыстарын сақтау мен әлеуметтік бөлектенушілікке қарсы күрес үшін өте маңызды түбегейлі мағынаға ие. Азшылық топтарының бар болуынан келіп туындайтын қоғамдағы әртүрлілік, ұлттық парламенттер мен азаматтық қызметтер, солардың ішінде, полиция мен сот органдары сияқты мемлекеттік институттарда өз көрінісін табатындай, ал азшылықтарға жататын тұлғалардың жоғарыда аталып кеткен институттарда өз өкілеттіктерінің болуын, осылайша, олардың, яғни азшылықтардың пікірлерінің өздері өмір сүріп жатқан территорияларына немесе аудандарына қатысы бар шешімдерді қабылдауда есепке алынуына мүмкіндік беретін механизмдерді қалыптастыру қажет. Бұндай қатысушылық жай ғана сөз жүзіндегі символикалық түрде емес, іс жүзіндегі әрекетті қатысушылық болуы қажет. Бұл жерде азшылықтар өкілдіктерінің негізінен жеткіліксіз болып табылатынын және олардың мәселелеріне қажетті деңгейде көңіл бөлінбеуі де мүмкін екенін мойындау керек.

Қатысу тиімді болу керек. 2009 жылғы 12 және 13 қарашада өткен екінші сессия барысында Азшылықтар мәселелері жөніндегі Форум азшылықтардың саяси өмірге тиімді қатысуына ерекше көңіл бөлді. Бұл Форумда қарастырылған негізгі мәселе, БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы декларациясының ұлттық азшылықтарға немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын тұлғалардың құқықтары қарастырылып, «мәдени, діни, қоғамдық, экономикалық және мемлекеттік өмірде белсенді түрде қатысатын азшылықтар» жайында айтылған 2-бабының 2-тармағы болды. Азшылықтарға жататын тұлғалардың қатысуы тиімді болуы үшін, мемлекеттің олардың тек формалды немесе ресми түрде ғана қатысуын қамтамасыз етуі жеткіліксіз болып табылады; мемлекеттер азшылық өкілдерінің қатысуымен қабылданатын шешімдерге олардың айтарлықтай ықпал етуіне әкеліп соғуды қамтамасыз ететін шараларды қабылдаулары қажет, сонда ғана, осындай шешімдерді қабылдауда, мүмкіндігінше, бірлескен авторлықтың орын алуын қамтамасыз етуге жағдай туады.

Осылайша, азшылықтардың ортақтықтарының әлемдік тәжірибесі мен БҰҰ-ның азшылықтар құқықтары туралы декларациясының мазмұны және басқа да азшылық құқықтарына қатысы бар халықаралық стандарттарға сүйене отырып, келесі басты да, негізгі мәселелерді анықтап алуға болады: тірі қалу мен өмір сүру, азшылықтардың өзіндік болмыстарын дамыту мен қорғау, теңдік пен кемсітпеу мен қоғам өміріне тиімді және әрекетті, яғни ықпалды қатысу.

#### Әдебиеттер:

1. Резолюция Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций от 16 декабря 1966 года № 2200 А (XXI) «Международный пакт о гражданских и политических правах» (вступил в силу 23 марта 1976 года) // Электронный справочник «Юрист».
2. Декларация ООН о правах лиц, принадлежащих к национальным или этническим, религиозным и языковым меньшинствам (18 декабря 1992 года) // Электронный справочник «Юрист».
3. Права меньшинств: Международные стандарты и руководство по их соблюдению (Нью-Йорк и Женева, 2010 год) // Электронный справочник «Юрист».

4. Резолюция Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций от 11 февраля 2013 года № 67/155 «Глобальные усилия, направленные на полную ликвидацию расизма, расовой дискриминации, ксенофобии и связанной с ними нетерпимости и всеобъемлющее осуществление, и принятие последующих мер по выполнению Дурбанской декларации и Программы действий» (п. 66) // Электронный справочник «Юрист».

5. Айдарбаев С.Ж. Статус национальных меньшинств в Казахстане по международному и внутригосударственному праву. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 216 с.

6. Международная Конвенция о ликвидации всех форм расовой дискриминации (Нью-Йорк, 21 декабря 1965 года) // Электронный справочник «Юрист».

7. Замечание общего порядка № 21, Право каждого человека на участие в культурной жизни (пункт 1 а) статьи 15 Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах, E/C.12/GC/21, 21 декабря 2009 г. // <http://www1.umn.edu>

8. Резолюция Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций от 16 декабря 1966 года № 2200 А (XXI) «Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах» (вступил в силу 3 января 1976 года) // Электронный справочник «Юрист».

9. Замечание общего порядка № 20, Недискриминация экономических, социальных и культурных прав (пункт 2 статьи 2 Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах, E/C.12/GC/20, 2 июля 2009г.) // Электронный справочник «Юрист».

## ИССЛЕДОВАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗИ ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВОЙ СФЕРЫ И ОЦЕНКИ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО КЛИМАТА В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ КОЛЛЕКТИВЕ

Сабилова Р.Ш., профессор; Барикова А.Р., ст. преподаватель  
Кафедра психологии  
Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан

В статье рассматриваются результаты психодиагностического исследования социально-психологического климата в педагогическом коллективе, а также ценностно-смысловой сферой педагогов. Полученные результаты позволяют говорить о взаимосвязи этих двух компонентов.

*Ключевые слова:* Ценностные ориентации, ценностно-смысловая сфера, социально-психологический климат, терминальные ценности, смысложизненные ориентации.

Современные условия жизни ведут к неизбежным изменениям в системе образования. Требования к личности педагога неуклонно возрастают, так как эффективность передачи сложной системы знаний во многом зависит от роли педагога в образовательном процессе. Ценностные ориентации, которые можно отнести к числу мировоззренческих установок, выступают в роли базовых оснований личности. Они задают ориентации действиям и поступкам человека во всех сферах жизни. Определяя приоритеты в восприятии человеком действительности, ценности в значительной мере формируют «жизненный стиль» отдельного человека, а также социальной группы. Изучение ценностно-смысловой сферы педагогов важно и необходимо, так как на фоне передачи знаний и умений, они вместе с тем, осуществляют процесс воспитания детей [1].

Являясь предметом различных социальных дисциплин, проблема изучения ценностно-смысловой сферы личности в настоящее время приобретает все более комплексный характер. Занимая место на стыке различных отраслей знания о человеке, например, таких как философия, психология, социология и педагогика, она представляет собой важную область для исследований [2].

Понятие ценности и ценностные ориентации заимствовано психологией из философии. В философии под ценностными ориентациями принято понимать важнейшие элементы внутренней структуры личности, закреплённые посредством жизненного опыта индивида. Это вся совокупность его переживаний и отграничение им значимого и существенного для данного индивида от незначимого и несущественного в его жизни. Комплекс сложившихся, устоявшихся ценностных ориентаций индивида образует так называемую «ось» сознания. Именно она обеспечивает устойчивость личности, преемственность определённого типа поведения и деятельности, выражаемая направленностью потребностей и интересов. В связи с этим ценностные ориентации выступают важнейшим фактором, который регулирует и детерминирует мотивацию личности. Ценностные ориентации являются своего рода ориентирами для субъекта при оценке окружающей действительности и дифференцировании объектов по степени их значимости для самого субъекта. Именно система ценностей определяет центральную позицию личности, оказывая влияние на общий подход к миру и к самому себе, придавая смысл и направление (мотивируя) поведению и